

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 12 қыркүйектегі № 159 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17 - бабының 5-1) тармақшасы және 69 бабына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Әуликөл аудандық жер телімін беру жөніндегі комиссия отырысының 2024 жылғы 27 маусымдағы № 18 хаттамасы және жерге орналастыру жобасы негізінде Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Су құбырына қызмет көрсету Москалев ауылдық "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін Қостанай облысы Әуликөл ауданы Москалев ауылдық округінің аумағында орналасқан ауданы - 31,8572 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) Осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов